

№100 орта мектебі

Физика пәні мұғалімі:

Дүйсбекова Лиза Жұмаханқызы

Сабақтың тақырыбы:

Электр өрісі, электр өрісінің кернеулігі

Оқу мақсаты:

8.4.1.6– электр өрісі ұғымының физикалық мағынасын түсіндіру және оның күштік сипаттамасын анықтау;

Сабақ мақсаты: Барлық оқушылар үшін: электр өрісінің физикалық мағынасын түсініп, электр өрісінің күштік сипаттамасын анықтайды.

Оқушылардың басым бөлігі үшін: электр өрісі кернеулігінің формуласын қолданып есептер шығарады

Кейбір оқушылар үшін: күштік сызықтар арқылы электр өрісін графикалық түрде бейнелейді

•Ойлау деңгейлері

- Білу
- Түсіну
- Қолдану

•Бағалау критерийлері

- электр өрісінің күштік сипаттамасының мағынасын түсінеді
- формуласын қолданып есептер шығарады
- күштік сызықтар арқылы электр өрісін графикалық түрде бейнелей алады

•Құндылықтарға баулу

- Тұрмыста, техникада, энергетикада электр өрісінің қолданылу аясын кеңейту арқылы мамандық таңдауға бағыт бағдар беру.

**Тілдік
мақсаттар**

Электр өрісі кернеулігінің анықтамасын ауызша айта алады. **Терминдер:** электроскоп, электр өрісінің кернеулігі
Диалогқа қажетті сөз тіркестері:
Электр өрісінің күштік сипаттамасы ...
Күш сызықтарының қасиеттері ...

**Пәнаралық
байланыс**

Математика – есептер шығару (амалдар қолдану);
Информатика – ғаламтор желісінде ақпарат жинақтау.

**Алдыңғы
білім**

Оқушылар элементар заряд, нуктелік зарядтың және өзара әрекеттесу күштің өлшем бірліктерін, Кулон заңы формуласын біледі

Сабақтың басы



Психологиялық
көңіл-күй
Ынтымақтастық
атмосфераны
қалыптастыру



Топқа бөлу:
«Түстер терапиясы»
әдісі арқылы топқа
бөлу. Әр топ өздеріне
қойылған сұрақтар
арқылы топ аттарын
анықтайды.

Ой қозғау:
Әр топ бір біріне 3
сұрақ қою арқылы
оқушылар өткен
тақырыптар бойынша
білімдерін тексереді



Бағалау:
Дұрыс толық
жауапқа 5 баллдан

Сабақтың ортасы

Жаңа сабақ бойынша мәлімет беру

«Еркін ізденіс стратегиясы» әдісі
Шығармашылық тапсырма



«Жарайсың», «Керемет» сөздері арқылы өзара бағалайды.

«А,В,С» әдісі (жұптық жұмыс. Тапсырма-2)

А - сұрақ қояды, В - жауап береді, С – айтқан жауаптарды бақылайды, толық болмаса толықтырады. Оқушылар осы сұрақтарға ауызша, жазбаша жауап береді.



| Бағалау критерийі | | Дескрипторлар |
|---|---------------|--|
| Электр кернеулігінің формуласын қолданып шығарады | өрісі есеп | -есептің шартын жазады -ХБЖ келтіреді -кернеуліктің формуласын жазады -есептеулер жүргізеді |

«Физикалық эстафета» әдісі (жеке жұмыс. Тапсырма-3)

Топтағы оқушылар ретімен біреуі берілгенін, екіншісі ХБЖ-ға келтіреді, үшіншісі формуласын жазады, төртіншісі есептеулер жүргізеді



Бағалау: “Басбармақ әдісі



Кері байланыс
Басбармақ

Оқушылардың басбармақтарын көрсету арқылы сіз түсіндірсеңді олардың узу деңгейін тексеріңіз.

Басбармақ жоғарыға қарай = Мен түсінемін.

Басбармақ көлденең = Мен түсінгендеймін.

Басбармақ төмен қарай = Мен түсінбедім.



MyShared

Сабақтың соңы

«Артығын алып таста» әдісі
Тақырыпқа байланысты
сөздердің ішінен артығын тап



**Бағалау: Стикерлер
арқылы**

Кері байланыс. «Бағдаршам» әдісі
Парақтар тақырыпты түсінгенін
көрсету үшін пайдалануға болады
(мысалы, қызыл
түс = БАРЛЫҒЫ, сары түс = КӨБІ,
жасыл түс = КЕЙБІРІ).

Сабақтың соңы

Оқушылар жасыл, сары қызыл түсті
жабыспалы стикерлер ді ағашқа
жабыстырады

•Рефлексия “Білім ағашы”

- Жасыл түс**– түсіндім.
- Сары түс** – орташа
- Қызыл түс** – түсінбедім





Назар аударғандарыңызға
рахмет!

